

*Қарақалпақ филологиясы
факультетінің Қазақ
филологиясы тәлім – бағдарының
2–курс студенті Қайыпназарова Жадыра*

«Диалектология» пәнінен

РЕФЕРАТ

Тақырыбы: «Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі
лексикалық ерекшеліктер»

Қабылдаған: Асанова Ж.

Ноқис-2014

Жоспары:

Кіріспе

Негізгі бөлім

1. Синоним, омоним, көп мағыналы сөздер

2. Фразеологизмдер

3. Табу мен эвфемизмдер

Қорытынды

Кіріспе

Қазақ диалектілерінің арасында бірі түркі тілдің ана тобына жатады деп жіктестірілерліктей диалектілер жоқ. Дегенмен, көршілес, аралас отырған түркі халықтардың тілдік ықпалы нәтижесінде оңтүстік өңірдің қазақтарының тіліне өзбек тілінен, оңтүстік–батыс алқаптың қазақтарының тіліне қарақалпақ, түрікмен тілінен өткен елеулі тілдік элементтердің бар екені рас. Сол секілді Қазақстанның башқұрт, татар жұртына жатқан өлкелердегі жергілікті халықтың тілінен осы тілдердің бірлі-жарым элементінің кездесетіні бар¹. Бұлар диалектілердің біреуінде аз, біреуінде көп дегендей, структуралық саланың үшеуін де қамтиды. Әсіресе Орта Азияның ішкі қоныстарында тұратын жергілікті қазақтардың тілі осындағы тілдердің ықпалына көбірек шалдыққан.

Біріншіден, өзбек, қарақалпақ, түрікмен, қырғыз арасындағы қазақтардың тіліндегі кірме құбылыстың бәрі мынасы мына тілдікі, анасы ана тілдікі деп бұтарлап бөліп тастауға келе бермейді. Өйткені мұндай кірмелер осы ағайын тілдердің бәріне, я ең кем дегенде солардың екеуіне ортақ құбылыстардан құр алақан емес.

Біздің сөз еткелі отырғанымыз – Қарақалпақстан аймағындағы қазақтар есте жоқ заманнан бері күні бүгінге дейін өзге халықтармен бірге өсіп, біте қайнаған нәрі қоныстардың бірі – оның үстіне жылдың әр мезгілінде келіп дүркін базар шығып, бас қосып отырған әртүрлі қарым-қатынастың орталығы болуы себепті – Қарақалпақ өңірі лингвистикалық тұрғыдан болсын, тарихи-этнографиялық тұрғыдан болсын зерттеуге әбден тұрарлық.

Сыртқы әсердің жетегіне бейім тұратын тілдің лексика саласы. Лексикамен салыстырғанда тілдің дыбыс, грамматика сияқты салаларының өзге тілдердің ықпалына ұшырауы анағұрлым баяу. Дегенмен, тілдің дыбыстық, грамматикалық жүйесінің мұндай ауыс-түйіс мәселелері кем дейтін болсақ та, біз зерттеу жүргізу барысында кейбір дыбыстық, грамматикалық құбылыстардың қарақалпақ тілінің қазақтар тіліне, кейбір

¹ Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. Алматы. Мектеп. 1985. 14-бет.

аймақтарда қазақ тілінің қарақалпақтар тіліне әсер еткенін байқадық. Осындай екі тілдің бір-біріне әсер ету құбылыстарының біразы– халықтық тіліміздің қалыптасуына ұйытқы болған ежелгі ру-тайпа диалектілерінен сақталған көне нышан да, енді біразы қазақ халқының өзге жұрттармен арадағы араласы, қарым-қатынасы нәтижесінде еншіленген ауыс-түйіс дүниеліктер. Екінші сөзбен айтқанда, бергі замандардың жемісі– бөгде тілден ауысып келген кірме құбылыстар.

Біздің үйреніп отырған – Қарақалпақстан аймағындағы аралас отырған тілдердің (қарақалпақ, өзбек, түрікмен) жүйесінде қарастыратын мәселелер сол аймақтағы тілдік ерекшеліктердің айрықша белгілері жергілікті қазақтар тіліндегі қарақалпақ тілінің әсерінен пайда болған ерекшеліктер өзіндік сипаты, қай аймақта бір тілдің екінші тілге көбірек әсер ету жағдайы т.б. мәселелер кіреді. Сонымен қатар әрбір тілдегі екі тілділік құбылысының даму жолы, ерекшелігі, тарихи қалыптасу мәселелерін қоса қарастырған жөн. Бұл айтылғандар белгілі бір аймақтағы тілдің бір-біріне әсер етуін зерттеу проблемалары үлкен ғылыми еңбекті талап ететіндігін көрсетеді.

Біздің реферат жұмысымыздың негізгі мақсаты – Қарақалпақстанда мекендеуші қазақтар тіліндегі туыстас қарақалпақ тілінің әсер етуінен пайда болған лексикалық ерекшеліктерді жинау және оларды белгілі бір жүйеге салып үйрену арқылы қазақ және қарақалпақ тілдерінің өзара байланысы мәселелерін зерттеу болып табылады.

Негізгі бөлім

1. Синоним, омоним, көп мағыналы сөздер

Диалектінің лексикалық ерекшелігі деп жергілікті халық тілінде қолданылатын сөздерді, әдеби тіл мен басқа говорлардың лексикасында кездеспейтін, кездесе қалса лексикалық мағынасы ауысып, басқа мағынада жұмсалатын сөздердің тобын айтамыз. Мысалы, *зәңгі*–баспалдақ, *әйдік*–үлкен, *қаспан*–мал союшы, *айуан*–үйдің кіреберіс бөлмесі сияқты сөздер қазақ әдеби тілінің нормасында және қазақ тілінің басқа говорларында кездесе бермейді. Кездесе қалған күнде де көрші тілдердің лексикасымен, ескі тайпа тілдерінің көне тілдік мұрасымен сабақтаса келіп, ерекше сипатталады. Сондықтан бұл жай көршілес тілдермен көне тілдік элементтердің сол территорияда өмір сүрген түрімен байланыстырып, салыстыра, ол тілдермен қаншалықты араласқанын, алмасқанын көрсету, анықтау мақсатында қаралу керек, яғни қарақалпақ тілімен және қазақ тілінің басқа говорларымен бірге танылу қажет.

Қарақалпақ аймағында мекендеп отырған қазақтар – туыстас халықтар қарақалпақ, өзбек, түрікмендермен қоян-қолтық аралас-құралас отыр. Сондықтан да бұл говорда қазақ тілінің басқа говорларында кездесетін сөздермен қатар, оларда ұшыраспайтын тың да, соны мағыналы сөздерге жиі тап боламыз. Мысалы, *тікеш (тандыр пешке іс табаға пісіретін нанның бетіне өрнек салатын құрал)*, *пешман (пеш соғатын адам)*, *саз (полдың астына салатын ағаш)*, *жорап (носки)*, *мәшәба (мәш салып пісіретін тағам)* сияқты сөздер говордың ерекшелігін таныта түседі. Бұл бір жағы болса, екіншіден әдеби тілде кездесетін кейбір сөздер тұлғасын сақтай отырып, говорда мағына жағынан басқа ұғымға ие болады.

Жергілікті тұрғындар тілінде лексикалық ерекшеліктердің біразы тіл дамуының өткен дәуірлеріне тән, тіліміздің байырғы белгілерінің говорда сақталған ізі ретінде танылса, қалған бірсыпыра лексикалық құбылыстар – өздері ортасында өмір сүріп отырған көрші қарақалпақ, өзбек, түрікмен тілдерінің әсеріне байланысты пайда болған сөздер. Бұл өлкенің тіліндегі

лексикалық кірмелердің ішінде көлемі жағынан молырақ кездесетін– қарақалпақ тілінен ауысқан сөздер. Қарақалпақстанның солтүстік аудандарын мекендеуші қазақтар тілінде белгілі орын иелейтін қарақалпақ тілінен ауысқан сөздер.

Қай тілді алсақ та оның сөздік құрамына енетін аймақтық лексикасы әдеби тілдің лексикасынан алшақ кетпейді. Сондықтан зерттеліп отырған диалектіде қолданылып жүрген сөздердің дені жалпы халықтық тілдің негізгі сөздік құрамына ортақ болып келеді. Мұндай жалпы халықтық, ортақтық қасиеттер қазақ тілінде де оның ішінде Қарақалпақстанда тұратын қазақтардың тіліне, тілдік ерекшеліктеріне тән. Қарақалпақ аймағын мекендейтін қазақтар тілінің лексикалық құрамын сөз еткенде, олардың ішінде диалектілік синонимдер, омонимдер, көп мағыналы сөздер, диалектілік фразеологизмдер, табу мен эвфемизмдер, күнделікті тұрмыстағы зат атаулары, іс-әрекеті алуан түрлі құбылыстармен сындық, сапалық белгілерді білдіретін сөздердің бар екенін және жалпы халықтық тілге ортақ емес, тек ғана Қарақалпақстан қазақтары тіліне айтылатын көрші, туыс тілдерден кірген күнделікті тұрмыста көп қолданылатын, мысалы, *әйдік, нән–үлкен, әулі–үйдің сыртқы қорасы, бәрһә-ылғи, қапы-есік, айуан-кірер ауызғы бөлме, гәш-ет* сияқты сөздердің көптеп кездесетінін айтып өтуіміз керек. Бұл сөздердің қолданылу аясын жете тану, оларды беретін мағынасына қарай топтап көрсетуді талап етеді. Ол сөздердің көпшілігі негізгі сөздік қордан жасалатынын, сонымен қатар, оның әдеби тілге қатысы бар екенін көреміз. Зерттеліп отырған говор материалы осыны дәлелдейді. Сыртқы тұлғалық сипаты жағынан жергілікті халық тілінде кездесетін лексикалық ерекшеліктердің дені тіліміздегі белгілі сөз тудырушы жұрнақтардың жәрдемімен жасалған туынды сөздер. Лексикалық ерекшеліктердің арасынан түбір тұлғалы сөздер туынды сөздермен салыстырғанда көлемі жағынан шағынырақ.

Тұрғындардың сөздік құрамындағы әдеби тіл мен көпшілік говордан ерекшеленетін сөздер өздерінің мағыналық белгісі мен түрлі лексикалық

категорияларға қатысы жөнінен тең емес. Олардың басым көпшілігі тұрмыста кездесетін әр алуан заттар мен құбылыстардың сындық белгісін көрсетеді. Ал енді бірқатар сөздердің лексикалық қызметі іс-әрекет, қимыл-процесін, сондай-ақ мезгілді, амалды, көңіл-күйін білдіруге байланысты. Төменде оларды осы айтылған мағыналық белгілеріне қарай бірнеше лексикалық топтарға ажыраттық.

Осы лексика тарауы көлемінде сөз еткелі отырғанымыз – диалектілік синонимдер, омонимдер, тұрғындар тіліндегі көп мағыналы сөздер, фразеологизмдер, табу мен эвфемизмдер, семантикалық ерекшеліктер, лексика-семантикалық топтары. Осы категорияларға қысқаша шолу жасадық.

Синонимдер. Белгілі бір заттың не ұғымның бірнеше атпен аталып, бірнеше вариант күйінде айтылуы себепсіз, жай бола салған құбылыс емес. Оның өзі белгілі бір тарихи жағдайлардың жемісі. Әдеби тілде немесе белгілі бір регион тұрғындарының тілінде синонимдердің кездесуі сол тіл иелерінің басқа да тіл өкілдерімен жиі қарым-қатынасқа түсіп, олардың бір-біріне әсер етіп, лексикалық жағынан ауыс-түйістердің болғандығын көреміз. Қазақтың әдеби тіл мен диалектілерінде кездесетін синонимдердің шығу тәркінін сөз еткенде осы жағдай назардан тыс қалмауы тиіс.

Енді негізгі мәселемізге келетін босақ, бұл говордың Қазақстан территориясындағы зерттелген басқа говорлардан ерекшелігі – көптілділік. Говорға тән байырғы сөздермен бірге басқа тілдерден кірген сөздер жарыса жиі қолданылу нәтижесінде синоним қатарлары молая түскен. Конкретті зат атауларымен байланысты говордағы *темір жаба, айыр, шаршақ (шөп үйетін құрал), қайыш күртік (етке салынатын нан), бапса, зәңгі, тепе, саты (баспалдақ)* осы сияқты бірнеше мысалдар келтіруге болады.

Диалектідегі синонимдерді бірнеше мағыналық топқа ажыратуға болады. Абстракт ұғымға байланысты *қардар, мұтәж (мұқтаж мағынасында), дімкәс, науқас, битан (ауру), бардамлы, құрғын (күйлі тұру), дәбдебе, тәнтәнә (гу-гу әңгіме)* қалыптасқан сөздер кездесіп отырады.

Істің аяқталуын білдіретін говордағы *құтару (бітіру), сауу (ақшаны жұмсау)* деген диалектілік сөздер жиі қолданылып отырады. Жергілікті халық тілінде күнделікті тұрмыста, өзара қарым-қатынаста синонимдердің қолданылуы бір тегіс емес. Олардың кейбіреулері жарыса, жиі ауызға алынып отырса, ал енді біреулері сирек айтылады. Мәселен, *кесел, дәмкәс, битан (ауру, науқас)* сөздердің күнделікті қолданылуда жиі де жарыса кездесетіндері *дәмкәс, битан*. Ал *кесел* сөзінің қолданылуы алдыңғы екеуіне карағанда сирек. *Бардамлы, құрғын (күйлі)* сөздерінің алдыңғысы аралас отырған қазақтар тілінде көп кездеседі. Ал *қардар, мүтәж (мұқтаж)* сияқтылары әр уақытта тең дәрежеде, жарыса пайдаланылады.

Сонымен қатар диалектіде кездесетін синоним сөздерді тіліміздегі вариант, дублеттер тілдік категориялар тұрғысынан фонетикалық, лексикалық, грамматикалық болып үшке бөлінеді.

Фонетикалық дублеттер: Сүйінші–шүйінші, ұнасы–үнасы, зембіл–зәмбер, гешір–гәшір, келле–кәлле, сорпа–шорпа, қарбыз–қармыз, жылмала–кілмала т.б. Бұл дублеттердің әрбір сыңары бір-бірінен фонетика жағынан яғни жеке дыбыстардың түрліше дыбысталуы арқылы бөлектенеді.

Лексикалық дублеттер: Бұл топқа сыңар сөздердің әрбір компоненті дыбысталу жағынан бір-біріне ұқсамайтын сөздер жатады: *аяқташпа, деңгене (малды жіліктен сойып бөліп алу), әйдік, нән (үлкен), қолша, дүңгір, бидон, шелекше (сүт құятын ыдыс)*.

Говорда ұшырасатын синоним сөздер тек бұлармен шектелмейді. Олар көлемі жағынан лексикалық ерекшеліктегі категориялардың қай қайсысынан да басым жатыр. Солардың кейбіреулерін атап өтейік:

Лауа кесе, ным кесе, кла кесе, көкнар кесе (үлкен сорпа құятын кесе); бардамлы, құрғын (күйлі); бақыраш, сарқым, шәңгіл, шөлмек (су ішетін ыдыс); май нан, шелпек, жайма нан (майға пісірілген нан); қардар, мүтәж (мұқтаж); ұнасы, кеспек, үзбен (қамырдан кесілген нан); қырма, керсен, шанақ (кішкене табақ); шылапшын, леген, ләгән (кір жуатын ыдыс); сыпа, тапшан (жазда отыруға арналған орын); әйдік, нән (үлкен), аяқташпа

(*малды сойып, жіліктен бөліп алу*); *дәбдебе, тәнтәнә (гу-гу әңгіме)*; *сүзекі, шолпы (қамырды сүзуге арналған бұйым)*; *қолша, дүңгір, бидон, шелекше (сүт құюға арналған ыдыс)*; *зәңгі, баспалдақ, саты, тепе*. Қорыта айтқанда, диалектідегі синонимдердің негізгі көзі басқа туыстас тілдерден атап айтсақ, бәрінен бұрын қарақалпақ тілінен кірген сөздер.

Омонимдер. Қарақалпақ қазақтары тілінде әдеби тілдегі сияқты бір-бірімен тұлғалас, бірақ мағына жағынан үйлеспейтін омонимдер кездесіп отырады. Осы омонимдердің жасалу жолдарында өзгешеліктер бар. Мұндағы омоним сөздердің бірі – ру, тайпа тілдерінің қалдығы, ізі болып келетіні, екіншілері туыстас түркі тілдерінен немесе арап-парсы тілдерінен ауысқаны байқалады. Диалектідегі өзге тілден ауысқан омонимдік қатарлар күнделікті өмірге қажетті зат атауларына шаруашылықтың түрлі салаларына байланысты ұғымдар мен заттардан тұрады. Басқа тілден енген диалектідегі омоним сөздердің ішінде қарақалпақ, өзбек тілінен енген сөздер көбірек, сондай-ақ көршілес араласып отырған туыстас түрікмен тілінен біраз сөздер бар.

Айуан I. Ауыз үйдің алдындағы кіреберіс бөлмені айтады. *Айуан* сөзі негізі парсы сөзі болып есептеледі. Қарақалпақ тілінде - үйдің алдындағы қақпасы, бастырма деген мағынаны аңғартады. Тек диалектіде осындай мағынада қолданылады. *Айуан* II. Жануар деген мағынаны аңғартады. Бұл сөз қазақ әдеби тілінде осындай мағынада қолданылады. *Айуан* III. Әдеби тілде ауыспалы мағынада маскүнем, зұлым, озбыр мағынасында қолданылады.

Ақтық I. Диалектіде немере мағынасында қолданылады. Қарақалпақ әдеби тілінде ақлық түрінде айтылады. Мысалы: *Орал әже ақтығына қызық әңгімелер айтып отырды*. *Ақтық* II. Ақ мата. *Ақтық* III. Егіске арналған жер.

Ақтық сөзі қарақалпақ, түрікмен тілдерінде осындай формада айтылады.

Ал *ақтық* сөзі қазақ әдеби тілінде соңғы рет және пәктік, адалдық мағынасында да қолданылады. Жоғарыда көрсеткен үш түрлі мағынасы тек

диалектілік мағынасы. *Ақтық* сөзінің бірнеше омонимдік мағына құрау көршілес қарақалпақ, өзбек, түрікмен тілдерінің әсері болса керек.

Аймақтық лексикадағы омонимдес сөздердің саны екі-үш сөзден аспайды, кейде олардың саны төртке дейін барады. Мысалы: *Саз I.* Музыка, үн, дауыс. *Саз II.* Ылай, топырақ мағынасында. *Саз III.* Көгалы қалың, кең алқап. *Саз IV.* Дайын реттеу. *Материалдарымыз саз, келесі жылға үйді бастаймыз.* *Саз V.* Еденнің астына салатын ағаш.

Қазақ әдеби тілінде *саз* сөзімен тіркесіп келетін *саз бет, сазбеттену, сазға отырғызу, таң саз берді, жүрек сазды* деген фразеологиялық тіркестер айтылады. Ал *саз* сөзінің еденнің астына салатын ағаш мағынасы тек Қарақалпақ қазақтары тілінде айтылады.

Жоғарыда көрсетілген бірінші, екінші, үшінші мағыналары әбден түсінікті, қазақ әдеби тілінде қолданылатын сөздер. Ал диалектіде *саз* сөзі кесектің, жердің қасиетін білдірсе, кейде күйдірілген кірпіш мағынасын да білдіреді. Осы көргеніміздей *саз* сөзі диалектіде бірнеше ауыспалы мағынада қолданылады.

Пәс сөзі қазақ әдеби тілінде адамға байланысты айтылады. *Пәс адам* деп адамның мінезіне байланысты айтылатын сөз. Ал жергілікті қазақтар тілінде аласа мағынасында «пәс стол, пәс жай» түрінде қосымша мағынаға ие болған. *Пәс* сөзі аласа мағынасында өзбек әдеби тілінде әдеби норма болып есептеледі.

Шайыр сөзінің диалектіде бірнеше мағынасы бар.

Шайыр I. Желім секілді жабысқақ зат. *II.* Ақын. *III.* Шөл жерге шығатын өсімдік. Осындағы бірінші мағынаға ие болып тұрған «шайыр» сөзі не түрікмен, не өзбек, не қарақалпақ тілінің байырғы сөзі болмаса да, бұл араб тілінен аттары аталған халықтардың тіліне өте ертеде кіріп, сол халықтардың байырғы тілінен бетер мықтап орын теуіп, бекініп алған. Мысалы: түрікменше- шахыр (рус түрк ел, 1956), өзбекше шоир (рус-узб.словарь, 1959); қарақалпақша- шайыр (русша-қарақалпақша сл.1947). «Шайыр» сөзінің түркі тілдеріне өте ертеден орналасқандығын көне түрік

жазуларының ескерткішінен байқауға болады. Онда: SaIR (арабша) ақын деп көрсетілген. XIX ғасырдың аяқ кезіндегі Л.Будаговтың сөздігінде: шайыр - ақын, өлең жазушы¹. Әңгіме болып отырған сөздің екінші мағынасы шөптің бір түрі болса, бірінші мағынасымен жанасатын реті жоқ. Сондықтан да бұл шын мәнінде омоним.

Нәл I. Қарақалпақ қазақтары тілінде көп айтылатын диалектілік сөз. Диалектіде аяқ киімнің өкшесіне, тұмсығына қағатын темір таға. *Нәл* туралы түсінікті Н.Жүнісов былай деп береді: *Нәл* II. Жеміс ағашының көшеті. Алма, өрік, жүзім, алмұрт тағы басқа жеміс ағаштарын отырғызу кезіндегі жас түріне айтады. Мұны қазақ әдеби тілінде *көшет* деп атайды. Жергілікті қазақтар *нәл* сөзін бау-бақша егіндерге байланысты айтады. Екі мағынасы да жергілікті қазақтар тілінде қолданылады.

Шанақ I. Адам көзінің шанағы. II. Қауын егілетін жердің шанағы, яғни тұқым өндіруге арналған шұңқыр. III. Тамақ құятын ыдыс. *Дүмше* I. Қолға су құятын ыдыс. II. Сын есім мағынасында шала сауатты, жөнді білім алмаған адам.

О.Доспанов өз еңбегінде мынандай түсінік береді. Түмчә – мыстан немесе алюминийден жасалған отқа су қайнатуға қолайластырылған зат². Ө.Құрышжановтың пікірінше, су қайнатуға арналып мыстан жасалған құмыраны қарақалпақша дүмше деп атайды³. Сөздің *дүмше* деп аталу себебі түбі жуан, мойыны қылдай құманды айтады, оның құман болып көзге көрінер жерінің өзі де, құманды құман етіп тұрған нәрсенің өзі де осы түп жағы дегенді аңғартса керек. Сонымен *дүмше* сөзі бір-бірімен омонимдік қатарлар жасап тұр. Бұлардан басқа да сан қилы сөздердің бары анық. Мәселен жиі қолданылатын *пая* сөзін алатын болсақ, оның қозаның паясы, соң баған, тіреуіш мағынасында қолданылатынын көреміз. Сонымен қатар өріктің сүйегі, мақтаның ашылмаған қауашағы сияқты мағыналары бар.

Шалы I. Қамыстан салынған қора. II. Күріш.

¹ Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М-Л. 1951. 424-бет.

² Доспанов О. Қарақалпақ тили қубла диалектисиниң лексикасы. Нөкис. Қарақалпақстан. 1977. 43-бет.

³ Құрышжанов Ө. «Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тіліндегі кейбір ерекшеліктер». 1963 ж. Алматы. 245-бет.

Шолты I. Балық ұстайтын құрал. II. Сүзекі мағынасында.

Шаугім сөзі Хожелі ауданы қазақтары тілінде қазан мағынасында жұмсалса, Нөкісте шәйнек мағынасында жұмсалады. Осы сөздер сияқты *қауаша, шіркей, абақ, жағыс, қашау, мешел* т.б. сөздердің Қарақалпақ қазақтары тілінде ең кемі екі немесе одан да көп мағыналары бар. Бұл әрине алғашқы затқа берген атау немесе заттың қызметінің не құрылысының ұқсастығының нәтижесінде пайда болып отырған лексикалық мағыналар. Осы негізден барып, лексиканың көп мағыналы және омонимдік категориясы туады.

Көп мағыналы сөздер. Қарақалпақстан аймағын мекендеуші қазақтар тілінде қазақ тілінің басқа говорларында кездесетін сөздермен қатар, оларда ұшыраспайтын тың да, соны мағыналы сөздерге жиі кездесіп отарамыз. Біз мақсатымыз мұнда қысқа ғана жергілікті қазақтар тіліндегі қарақалпақ тілінің ықпалынан пайда болған көп мағыналы сөздерге әдеби тілмен салыстыра талдау жасап, келіп шығу себептерін анықтау болып табылады.

Атақ 1) үй салатын бас шебердің көмекшісі; 2) үй салғанда ылай ататын адамды айтады.

Пада 1) Бір топ мал, бағулы мал; 2) Шыбынның жиналған, құжынаған тобы.

Алжасу 1) ұрысу, жанжалдасу, араздасу; 2) ақылынан адасу, жолдан шығу.

Бимәлел 1) Алаңсыз, уайымсыз, еркінше, өз бетінше. *Жұмыс уақытында бимәлел жүруге бола ма? Ой, бишара-ай, өзі бір жақсы, бимәлел жігіт еді.*

Жергілікті қазақтар тілінеде *пошақ* сөзінің екі мағынасы бар.

Пошақ 1) қауын-қарбыздың дәні; 2) сыртқы қабығы.

Шындап келгенде, бұл сөз бастапқы кезде бір ғана мағынаға ие болған болуы мүмкін. Қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінде говордағы «пошақ» сөзі «қабық» мағынасын береді. Түркмен тілінде *пачак* – қауын, қарбыз, асқабак

қабығы. Өзбек тілінде *пучоқ* - жемістің, жұмыртқаның қабығы¹. Қарақалпақ тілінде *пошақ* – қабық, пілпе².

Бұл сөздің XV ғасырдағы мағынасы жоғарыдағы мағыналарының біріншісіне сәйкес келеді. *Басақ* – егіннің басы, діні (колос)³. Осыған қарап, *пошақ* сөзінің алғашқы мағынасы діні, ұрық болған. Ал *қабық* мағынасы кейін пайда болған болуы мүмкін.

Жай диалектіде үй мағынасында қолланылады. Парсы тілінде *джа* немесе *джай* түрінде айтылып, орын мағынасында жұмсалады. Парсы тілінен түркі тілдерінен ауысқан болуы мүмкін. Жергілікті қазақтар тілінде I. үй. II. орын. III. тыныштық. *Там* I. бөлме мағынасында; II. үй мағынасында; III. үйдің төбесі мағынасында. *Дасымал* I. Қазан жуатын шүберек. II. Үйдің қабырғасының бетін сылайтын, тегістеп жуатын шүберек. III. Жағымпаз, жарымсақ мағынасында қолданылады. Осы үшінші мағынасымен байланысты «біреудің дасымалын сықпа» деген фразеологизм қалыптасқан. Қарақалпақ, өзбек тілінде ыдыс-аяқ жуатын шүберек мағынасында жұмсалады.

Қарақалпақ қазақтары тілінде көп мағыналы сөздер мол-ақ. Жоғарыдағы айтып өткен сөздердің екі-үш мағынасын кездестіреміз және әуелгі кезде белгілі бір затқа берілген атау, кейінгі пайда болған заттардың алғашқы затпен атқаратын қызметінің, не құрылысының ұқсастығының нәтижесінде алғашқы заттың атауын пайдалана отырып, говордың лексикасында көп мағыналы сөздер категориясы көрініп отыр.

2. Фразеологизмдер

Фразеологизмдердің құрамында жалпы лексиканың элементі де, диалектілік лексиканың элементі де болады. Себебі диалектілік лексика жалпы лексиканың ерекшеленген бір бөлегі болып табылады.

¹ Узбекско-русский словарь. Ташкент. Узбек Совет энциклопедияси. 1988. 350-б.

² Русско-каракалпакский словарь. Москва. Советская энциклопедия. 1967. с. 345.

³ Боровков А.К. Бада и ал-лугот. Москва. Восточной литературы. 1961. с.133.

Диалектілік фразеологизмдердің лексикалық құрылымындағы ерекшеліктердің өзін бірнеше топқа бөліп қараймыз.

а) Жалпы лексиканың элементтерінен құралып, диалектіде басқа мағынада қолданылатын фразеологизмдер: *тіс қаққан*–көп нәрсені көрген, сұмдығы басым адамға айтылады, *аяғынан тозу*- көп жүру мағынасында, *қабырға ағайын*– жамағайын т.б. Осы сияқты фразеологизмдердің құрамындағы сыңарлары өзінің әдеби тілдегі мағынасынан айрылып, диалектіде тұрақты сөз тіркестерінің құрамында кездесіп отырады.

ә) Әдеби тілде мүлдем кездеспейтін, тек қана диалектілік элементтерден құралған фразеологизмдер. Мәселен, *парт болу*, *парты шықты* – ашулану мағынасында қолданылады. Бұл тіркес «парт» деген еліктеуіш сөзден жасалған болса керек. «Парты шығу» тіркесі қазақ тілінің Арал говорында ісіп-кебу, быртыю мағынасында кездеседі¹. Бұл сөздің төркіні әдеби тілдегі бырт, быртыю деген сөздермен байланыста болып, Қарақалпақ қазақтары тілінде «б» дыбысының орнына «п» қолданылған.

Әуірі басылу – ашуы қайту мағынасында. Ал қазақ тілінің басқа говорларында көңілдің албырттығы, желгі басылу деген мағынаны аңғартады. «Әуірі» сөзінің түбірі –әур, -і–қосымша. Сөздің шығу төркіні мағыналық жағынан тіліміздегі өр (өркөкірек дегендегі) сөзімен байланыста емес пе деген ой келеді. Себебі өзбектің көне тілінде өр–көргенсіз, дөрекі, ақымақ деген сөз. Бұл сөз тізбегі қазақ тілінің оңтүстік говорларында және осы Қарақалпақ қазақтарының оңтүстік аудандарында жиі кездеседі.

Ақыретіне жеткізу – қатты ұрысу, сөгу мағынасында. Ол жағымсыз сөздермен балағаттап, ақыретіне жеткізді. Араб тілінде ахрет өлген адамның денесін орайтын ақ мата деген мағынаны береді¹.

Пұшайман жеу – өкіну мағынасында. Пұшайман-парсы сөзі болып, ол тілде опық жеуші, өкінуші деген мағынада қолданылады². Бұл сөз қарақалпақ тіліне ауысқан.

¹ Қазақ диалектологиясы. Алматы. 1965. 12-бет.

¹ Бекмұхаметов Е. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. Алматы, 1977, 24-бет.

² Оңдасынов Н. Парсыша-қарақалпақша түсіндірме сөздік. Алматы, 1974, 41-бет.

Диалектіде көп мағыналы «дасымал» сөзімен қалыптасқан «біреудің дасымалын сықпа» (жағымпаздану) деген фразеологизм кездеседі. *Өзі барып тұрған дасымал екен. Дасымалдықтан тауып жүрген пайдасы жоқ.* Қарақалпақ тілінде *дасмал* – ыдыс-аяқ жуатын шүберек; дасымалшы–жағымпаз мағанасында кездессе, өзбек тілінде дастмол ыдыс-аяқ жуатын шүберек мағынасында жұмсалады³.

Тұрақты сөз тіркестері ұзақ ғасырлап бойы қолданылып, әбден тұтасып қалыптасқан. Олардың құрамындағы бірқатар сөздердің бастапқы мағынасы ұмытылып, түсінбейтін дәрежеге жеткен. Мұның өзі бірқатар жай тізбектің тұрақты сөз тіркесіне айналуына себепші болады. Мысалы: *Омалып қалу, омалып отыру* – бір жерде тұрмай отыра беру. *Отырсаң омал, отырмасаң жоғал* (Фольк).

Омалып қалғыр (қарғыс сөзі) дегендегі «омал» сөзі қалшыып қал деген мағынаны білдіреді. Қарақалпақ тілінде де – осы мағынада. Сонымен қатар диалектіде аллитерация жолымен жасалған фразеологизмдер де бар; *келеге келтіру, кестесі келісу, қарымы қайту* т.б.

Көрсетілген тұрақты сөз тіркестердің қолданылуы бірдей емес, бірсыпырасы диалектіде кең көлемде қолданылса, кейбіреулері бір-екі аудан көлемін ғана қамтиды. Көбіне әдеби тілде кездеспейтін фразеологизмдер қарақалпақ, өзбек тілінің элементтерінен құралған.

Фразеологизмдердің кейбір мәселелерінің дұрыс шешілуі, қазіргі қазақ тілінің материалдарына байланысты. Сондықтан фразеологиялық тізбектерді жан-жақты тексеріп, әлі де кеңірек зерттеген жөн.

3. Табу мен эвфемизмдер

Қарақалпақ қазақтары тіліндегі лексикалық кірмелер, жергілікті қазақтар тіліне қарақалпақ тілінің лексикалық әсері – бұл үлкен 1ңгіме. Біз соның ішінде жергілікті қазақтардың ауызекі сөйлеу тіліндегі қарақалпақ тілінің әсерінен пайда болған - табу мен эвфемизмдер жайындағы мәселені сөз етеміз.

³ Узбекско-русский словарь. М. 1954.

Табу көптеген халықтарда белгілі бір дәуірлерде этнографиялық оқиға сыпатында қалыптасып, көпшілік халықтарға тараған. Табудың тілден-тілге тез тарауы оның бір дәуірлерде белгілі оқиға болғандығынан дерек береді. Мәселен, біздің зерттеу жүргізіп отырған аймағымызда ата-бабаларымыз өмірінде тыйым салған әрекеттерді істеу, әулие, қойымшылық орындарын басу күнә және бақытсыздық әкеледі деп түсінген. Сонымен бірге түркі халықтарының көпшілігінде әйелдер жүкті уақытында түйе етін жемейді, егер жеп қойса, әйел ай-күнінен кеш туады деген ырым бар. Бұл ырым көршілес қарақалпақ, өзбек, түркмен ұлт өкілдеріне де тән болып есептеледі.

Қарақалпақ қазақтары тілінде көп кездесетін табудың бір көрінісі – бұл адам аттарына байланысты. Мәселен, отбасында әйелдер ерінің атын атамай, әйелдер ерлерін *балалардың атасы, балалардың әкесі, үйдің яшуллысы* деп шақырған. Келін түскен үйіндегі қайын інілері, қайын бикештерін *аппақ бала, аппақ қыз, кішкене қыз, мырза бала, ортаншы бала* немесе бір белгісімен *сарықыз, аққыз, сары бала, шырайлым* деп атайды. Осы келтірілген мысалдар қарақалпақтар тығыз жайласқан аудандардағы аралас отырған аз сандағы қазақтардың тілінде айтылады. Сондай-ақ келін ерінің анасын *ене* деп айту көбінше жергілікті қарақалпақ ұлт өкілдеріне тән. Қарақалпақтармен актив байланыстағы қазақтар тілінде *ене* түрінде айтылады да, пассив байланыстағы қазақтар тілінде *ана* формасында айтылады. Осының нәтижесінде әйел-қыздарға байланысты лексика қалыптасқан. Егер жаңа түскен келін үй иелерінің атын атаса күнә болады деген ырым жергілікті қарақалпақ, өзбек халықтарында да терең қалыптасқан.

Бір затты, бір құбылысты өз атымен атамай, басқаша атау табумен байланысты емес. Сөздің ұғымы қолайсыз, көңілге тиетіндей жағдайда тілде бір сөз екінші сөзбен ауыса береді. Мұндай жағдайда мағынасы тұрпайы сөздің орнын жұмсартып, сыпайы жеткізетін сөздер болады. Бұл құбылыс тілде эвфемизм деп аталады. Эвфемизм табу сияқты қорқудан туған сенімге емес, сыпайылық пен әдептілікке негізделеді. Қарақалпақ қазақтары тілінде

қолданылып жүрген эвфемизмдер бүгінгі күндегі халқымыздың қалыптасқан этикалық және эстетикалық нормаларының көрінісі болып есептеледі.

Әрбір мәдениетті адам құрмет, сыпайылық, әдептілік сияқты нормалардан шетке шықпай, мәдениетті сөйлеуге тырысады. Сол үшін әрбір сөздің мағынасын басқаларға қалай әсер ететінін есепке алмай, ойламастан сөйлеген сөзден, тыңдаушы да, сөйлеуші де қолайсыз жағдайға түсуі табиғи нәрсе. «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген сөздің халық арасына кең таралуы сол себепті болса керек.

Қарақалпақ қазақтары тіліндегі эвфемизмдер төмендегіше әр түрлі мағыналарда кездеседі. Мәселен, адамның жаман әрекеттеріне байланысты *жолы бұзық, аяғын қисық басады, алып қаппай әдеті бар* сияқты тіркестер айтылады. Қарғыс мәнді сөздердің орнына көбіне болымсыз формасы айтылады: *жағыңа балта тимегір, сүйегі сіңсе болмағыр, үйі қарап болмасын* т.б. Адамдардың мінезіне байланысты ұры адамға *қолы қалт* тіркесі, *жалатай* (тәрбиесіз), *гезенде* (диуана) сияқты сөздер кездеседі. Жергілікті қарақалпақ және қазақ ұлт өкілдерінің сенуінше табиғаттан тыс қандай да бір күштер жын, шайтан, албасты, аруақ, дінге, сиқырлыққа (магия) сену арқылы түсініктер кең тарқалған. Мұндай түсініктер әр түрлі әдет-ғұрыптар, ырымдар негізінде қалыптасқан. Мәселен, жүйке ауруымен ауырған адамға қарата *бір нәрсенің саясы түсіпті, бір нәрсенің салқыны тиіпті, бір нәрсе әрекеттепті, бір нәрсе көзіне көрініпті* сияқты тіркестер қолданылады. Халық арасында кейбір аурулар жұғады деген түсінікпен аурудың атын айтуға тыйым салынған. Мәселен, *жаман ауру* (прокоза), *топшылы* (пес), *есігінде пахтасы бар* (қызылша) және т.б. осы сияқты тіркестер жергілікті қазақтар мен қарақалпақтардың тілдерінде айтылады. Балалар ауырса *иттеніпті, ит тиме, көзіккен* деген тіркестер, үлкен адамдар ауырса *шамалдапты/шамаллапты, ұшыныпты, қағыныпты* сияқты тіркестер, адамның азып кетуіне байланысты *жүдеп кетіпті, сылынып қапты, имейіп қапты* деген тіркестер қолданылады.

Эвфемизмдердің тағы бір түрі өліні жерлеу дәстүріне байланысты қалыптасқан. Өлген адамды *мәйт*, сол мәйтті жууға кірген адамдарға – *сүйекке кірді, арулады, пәклеп шықты, басына су берді* сияқты сөз тіркестер қолданылады. Қарақалпақ тілінде *сүйек* сөзі *өлі дене* мағынасында айтылады. Мысалы: *сүйекшілер, сүйекші* ¹.

Табу мен эвфемизмдерді үйренгенімізде құрамындағы кейбір элементтердің қарақалпақ тілінде әдеби норма болып, жергілікті қазақтар тіліне әсер еткендігін байқадық.

Қарақалпақ қазақтары тіліндегі табу мен эвфемизмдерге талдау жасағанымызда, табу менен эвфемизмдердің белгілі бір дәуірлердегі этнографиялық оқиға болып, бүгінгі күнге дейін тілімізде қалыптасып, дамып, жергілікті қарақалпақтар мен қазақтардың тілдерінде кең түрде қолданылатынын көруге болады. Жергілікті қазақтар тіліндегі табу мен эвфемизмдердің көпшілігі тікелей қарақалпақ тілінің әсерінен пайда болған.

Қорыта айтқанда, табу мен эвфемизмдер сөйлеу мәдениетіміздің дамуына, сөз мағыналарының кеңеюіне, сөздік құрамның баюына үлкен қызмет етеді.

¹ Қарақалпақ тилинің түсіндірме сөзлігі. -Нөкис. Қарақалпақстан. 1992. т.IV. 231-б.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата. 1959.
2. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. I. Материалы по диалектологии. Москва. АНССР. 1951.
3. Бекетов Б. Қарақалпақ қазақтарының тілі. Алматы. Рауан. 1992.
4. Бекмұхаметов Е. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. Алматы, 1977.
5. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы. Ғылым. 1988.
6. Болғанбаев Ә. Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы. 1997.
7. Досқараев Ж. Байғанин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы. 1960.
8. Доспанов О. Қарақалпақ тили қубла диалектисиниң лексикасы. Нөкис. Қарақалпақстан. 1977
9. Жүнісов Н. Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы. Мектеп. 1981.
10. Қалиев Ғ. , Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. Алматы. Ана тілі. 1991.
11. Кашгарий М. Девону лұғотит турк. т.І. Тошкент. 1962.
12. Құрышжанов Ә. Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы. Ғылым. 1963.
13. Құрышжанов Ә. Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы. Ғылым. 1973.
14. Омарбеков С. Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстар. Алматы. Ғылым. 1978.
15. Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы. Ғылым. 1965.
16. Омарбеков С. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. Алматы. Арыс. 2007.
17. Омарбеков С. Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. Алматы. Мектеп. 1985.
18. Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. Алматы. Ғылым. 1989.
19. Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амударьи. Ташкент. Фан. 1966.
20. Қарақалпақ тилиниң түсиндирме сөзлиги. -Нөкис. Қарақалпақстан. 1992. т.IV. 231-б.